

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
ЧФ «Халық»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

5 (405)

SEPTEMBER-OCTOBER 2023

ALMATY, NAS RK



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2023

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 5. Number 405 (2023), 114-131

<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.580>

ӨОЖ 37.091.279.7

MFTAP 14.35.09

© **S.B. Zaurova***, **A.E. Sagimbaeva**, **Zh.S. Mukataeva**, 2023

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty.

E-mail: zaurova1995@bk.ru

THE IMPORTANCE OF USING VIRTUAL LABORATORIES IN EDUCATION

S.B. Zaurova — doctoral student of the 1st year in the educational program «8D01512- Chemistry», Abai Kazakh National Pedagogical University Kazakhstan, Almaty

E-mail: zaurova1995@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0005-8570-8706>;

A.E. Sagimbaeva — candidate of chemical sciences, senior lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University Kazakhstan, Almaty

E-mail: sagimbaeva70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3445-8832>;

Zh.S. Mukataeva — candidate of chemical sciences, associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University Kazakhstan, Almaty

E-mail: jazira-1974@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1584-5810>.

Abstract. The article deals with the issue of conducting laboratory online experiments using Model ChemLad, VertuLab, PhET, colorado.edu and classin.com applications. The authors of the article conducted a survey and interview about the relevance of online preparation of virtual laboratory work and level tasks in teaching chemistry. The survey was conducted using “Google from” and with the participation of 42 teachers. The survey involved 3 teachers aged 25–34, 35–49 and over 50 years old. Lessons are taught using modern media and if the virtual laboratory is ready, it will help prepare students as future professionals and save time. Digitalization is based on increasing competitiveness, accelerating and simplifying the educational process, improving the quality of life of mankind and reducing the burden on children, teachers and parents. The main thing is to improve the quality of education. Students must be internationally competitive in a variety of fields including artificial intelligence and big data. The general virtual laboratory is an independent laboratory consisting of virtual simulators that do not require equipment, chemical glassware or reagents for research and do not pose a danger to life. The virtual laboratory saves students time to prepare for classes, increases their interest and knowledge of the subject. We know very well that the experiment is very important in the process of studying chemistry. Therefore, in care of illness or other circumstances, students can repeat the previous topic using the virtual laboratory. The authors of the article believe that the creation of a virtual laboratory system in chemistry and loading the

necessary tasks into it will help educate the younger generation to be educated and conscious, make the lesson interesting.

Keywords: virtual laboratory, students, laboratory work, digital technology, practice, chemistry, education

© С.Б. Заурова*, А.Е. Сагимбаева, Ж.С. Мукагаева, 2023

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы.

E-mail: zaurova1995@bk.ru

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАНЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

С.Б. Заурова — «8D01510-Химия» мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: zaurova1995@bk.ru, <https://orsid.org/0009-0005-8570-8706>;

А.Е. Сагимбаева — химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: sagimbaeva70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3445-8832>;

Ж.С. Мукагаева — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: jazira-1974@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1584-5810>.

Аннотация. Мақалада Model ChemLad, VertuLab, PhET, Colorado.edu және classin.com қосымшаларын пайдаланып, онлайн түрде зертханалық тәжірибе жасау мәселелесі баяндалған. Мақала авторлары химия пәнін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстардың, деңгейлік тапсырмалардың онлайн даяр болуы өзектілігі бойынша сауалнама және сұхбат алынып, тәжірибе жасалынған. Сауалнамаға «Google from» пайдаланып және 42 оқытушы қатысумен жүргізілді. Сұхбатқа 25–34 жас, 35–49 жас, 50-жастан жоғары жастағы 3 оқытушы қатысты. Қазіргі уақыттағы ақпарат құралдарын пайдаланып сабақ барысы жүргізілуде, енді дайын виртуалды зертханалық болса, онда студентерді болашақ маман ретінде дайындауға көмек және уақытты үнемдеуе болады. Цифрландырудың негізі бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, адамзаттың өмір сүру сапасын жақсарту және балаларға, оқытушыларға, ата-аналарға жүктемесін азайту. Ең негізгісі білім беру сапасын арттыру. Білім алушылар халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Жалпы виртуалды зертхана — құрал жабдықтарды, химиялық ыдыстарды, зерттеуге арналған реактивтерді керек етпейтін, өмірге қауіп жоқ, виртуалды стимуляторлардан тұратын тәуелсіз зертхана. Виртуалды зертхана білім алушылардың сабаққа дайындалу уақыттарын үнемдейді, пәнге деген қызығушылықтары, білімдері артады. Химия пәнін оқытуда эксперименттің маңызы зор екенін анық білеміз. Сол себепті сабаққа ауырып немесе басқада жағдайлар себебінен зертханаға

қатыспаған жағдайда білім алушылар виртуалды зертханалықты пайдаланып, өткен тақырыпты қайталай алады. Мақала авторлары химия пәні бойынша виртуалды зертханалық жүйесін құру және оған керекті тапсырмаларды жүктеу арқылы сабақтың қызықты өтуіне, келер ұрпақты білімді және саналы етіп тәрбиелеуге көмектеседі деген пікір айтады.

Түйін сөздер: виртуалды зертхана, білім алушылар, зертханалық жұмыстар, цифрлы технология, тәжірибе, химия, білім беру

© С.Б. Заурова*, А.Е. Сагимбаева, Ж.С. Муқатаева, 2023
Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан.
E-mail: zaurova1995@bk.ru

ЗНАЧИМОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИРТУАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

Заурова С.Б. — докторант специальности «8D01510-Химия», Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: zaurova1995@bk.ru, <https://orsid.org/0009-0005-8570-8706>;

Сагимбаева А.Е. — к.х.н., ст. преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: sagimbaeva70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3445-8832>;

Муқатаева Ж.С. — к.х.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: jazira-1974@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1584-5810>.

Аннотация. В статье рассмотрен вопрос проведения лабораторных онлайн-экспериментов с использованием приложений Model ChemLad, VertuLab PhET Colorado.edu и classin.com. Авторы статьи провели опрос и интервью об актуальности онлайн-подготовки виртуальных лабораторных работ и уровненных заданий в обучении химии. Опрос проводился с помощью «Google form», с участием 42 учителей. В опросе приняли участие 3 группы учителей в возрасте 25–35, 35–50 и старше 50 лет. Уроки проводились с использованием современных средств массовой информации и, если виртуальная лаборатория будет готова, это поможет подготовить студентов как будущих специалистов и сэкономить время. В основе цифровизации лежит повышение конкурентоспособности, ускорение и упрощение образовательного процесса, повышение качества жизни человечества и снижение нагрузки на детей, учителей и родителей. Главное — повысить качество образования. Студенты должны быть конкурентоспособными на международном уровне в различных областях, включая искусственный интеллект и большие данные. Общая виртуальная лаборатория — это самостоятельная лаборатория, состоящая из виртуальных тренажеров, не требующих оборудования, химических посуды или реагентов для исследования и не представляющих опасности для жизни. Виртуальная лаборатория экономит время студентов на подготовку к занятиям,

повышает их интерес и знания по предмету. Известно, что эксперимент очень важен в процессе изучения химии. Поэтому в случае болезни или других обстоятельств студенты могут повторить предыдущую тему, используя виртуальную лабораторию. Авторы статьи считают, что создание виртуальной лабораторной системы по химии и загрузка в нее необходимых заданий поможет воспитать подрастающее поколение образованным-сознательным и сделать урок интересным.

Ключевые слова: виртуальная лаборатория, обучающиеся, лабораторные работы, цифровая технология, практика, химия, образование

Кіріспе

Білім беру реформасы дұрыс таңдалуы бұл білім алушылар мен білім берушілер үшін ғана маңызды қадам емес, сонымен қатар еліміздің бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлкен мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Қазіргі заман талабына сай цифрлық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында көптеген жұмыстар жасалуда. Виртуалдық зертханалар білім алушыларға қосымша әдістемелік құрал ретінде танылып, зертханалық жағдайда мүмкін емес процестерді модельдеуге, визуалды ойлауды дамытуға, ақпараттық және танымдық сабақтар өткізуге мүмкіндік береді. Виртуалдық зертханалар химияны оқыту тәжірибесінде кеңінен пайдаланылып келеді, сонымен қатар оларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері жаңадан қалыптасып жатыр. Сондықтан химия пәнінен зертханалық сабақтарға виртуалды зертхананы қолдану бүгінгі күнің өзекті мәселесі болып тұр.

Мектептерде қазіргі таңда барлық пәндердің сабақ барысы өзгертіліп, пән аралық байланыспен жаңа мазмұнда сабақтар өткізіліп оқытылуда. Ал жоғары оқу орындарда оқытылатын «Қазіргі жаратылыстану концепциялары» курсы химия, биология, физиканы байланыстырып қана қоймай, жаратылыстануға қатысты философиялық, мәдениеттану, эволюциялық байланыстарды біріктіретін пән болып отыр. Соның ішінде химия пәнінен де сабақ барысы өзгеріп, виртуалды зертхана пайдаланылып, ақпарат құралдарының барлығы қолданылып білім берілуде (Каримов, 2002). Барлық білім беретін мекемелерде жұмыс жасайтын оқытушылар виртуалды зертхананы пайдалана отырып сабақ барысын білім алушыға түсінікті болатындай өткізе алады. Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда.

Білім беру мазмұнының жаңаруы қоғамның экономикалық және әлеуметтік прогресінің бірі болып табылады және тұлғаның өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға бағытталуы керек. Сондықтан білім беру ордасының неізгі міндеттерінің бірі — білім алушы күрделі білім жүйесін сапалы меңгеруін ғана емес, сонымен бірге оны дамытуды қамтамасыз ететін оңтайлы оқу жағдайларын жасау. Қазіргі оқу процесін электронды материалдарсыз елестету мүмкін емес. Соңғы кездері олардың түрлері мен құрамы электронды оқу құралдары, бағдарламалар, компьютерлік

модельдеу құралдары, интернет сайттары және басқа да білім беру ресурстары сияқты жаңа педагогикалық бағдарламалақ құралдармен толықтырылуда. Осы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру білім алушыға кешенді түрде әсер етеді, оқушының оқуға деген қызығушылығы мен білім сапасы артады және білім алу деңгейі кеңейеді, оқытушы мен білім алушылар арасындағы байланыс жеңілдейды.

АКТ-ны белсенді қолданатын оқытушылармен қатар ақпараттық ресурстар мен технологияларды және педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру үшін пайдалану мүмкіндіктеріне үстіртін қарайтын оқытушылар да аз емес. Білім алушылар арасында осы құзреттілікті қалыптастыру үшін оқытушылар өздері ақпараттық технологиялық құзреттілікке ие болулары керек, сол арқылы олар әртүрлі міндеттерін шешуде пайдалана алады: оқушыларды ынталдыру, мақсат пен міндеттер қою, педагогикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, қызмет нәтижелерін бағалау және т.б.

Ұлыбританияның Ашық университетінде жыл сайын инновациялық технологиялар туралы баяндама жасалады. Баяндамада 2014 жылы британдық сарапшылар қолданыстағы әлемдік білім беру жүйесіне әсер ететін 10 жаңалықты атап көрсетті. Соның ішінде төртіншісі — BYOD. Bring your own devices! (Өз қондырғыларыңызды алып келіңіздер!) деген қағида бойынша сабақтарда білім алушылардың смартфондары, ноутбуктерді, планшеттері немесе кез-келген қондырғыларын белсенді түрде қолданылады. Неліктен оқушылардың өз техникасын қолданбасқа? (Битэм, 2019). Қазіргі уақытта жас мамандар арасында ақпаратты технологиялардың танымалдылығын ескере отырып оқу процесінде виртуалды зертхананы пайдалану тиімді болып табылады. Студенттерге де, оқытушыларға да, оқушыларға да практикалық сабақтарға дайындалуға, зертханалық зерттеулерді игеруге кепілдік береді. Химия сабағында орындалатын зертханалық жұмыстарды орындаған немесе орындай алмаған жағдайларына қарамастан, толық көлемде, яғни зертханалық жабдықтың дайындығынан, оқу жоспарымен ұсынылатын реагенттердің болу, болмауына қарамастан зерттеу жұмысын қолмен жасамаса да, виртуалды зертхана арқылы қандай құбылыстар, өзгерістер болатынын көру арқылы толық сабақты меңгереді. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарды немесе қазіргі әлемде болып жатқан тәжвирус (коронавирус) жағдайында қашықтықтан оқыту барысында виртуалды зертхананы пайдаланып сабақты өткізу тиімді болар еді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің мақсаты болашақ химия пәні мұғалімдеріне виртуалдық зертхана даярлау қаншалықты тиімді екенін анықтау. Зертхана дегеніміз тәжірибелерімен, талдаулармен, тәжірибелік зерттеулермен айналысатын мекеме немесе жұмыстар жасау үшін арнайы жабдықталған бөлме.

Химияны оқытудың негізі — химиялық эксперимент болғандықтан оқу процесі кезінде зертханалық сабақтар мен практикалық жұмыстарды ұйымдастырумен қатар, оған қажеті құрал-жабдықтардың заманауи талаптарға сай

болуы білім алушылардың химиядан алған білімдерін толық жетілдіре түсуіне мүмкіндік береді (Далабаева, 2012). Химиялық эксперимент барысында білім алушылар реактивтермен зертханалық жабдықтарды дұрыс пайдалануды, қауіпсіздік ережені сақтауды үйренеді, химиялық ыдыстар мен аспаптармен танысады, сабақ барысын толық түсінуге көмектеседі. Химиялық эксперимент жүргізу, бақылау және түсіндіру, заттар мен құрал-жабдықтарды қолдана білу химиялық сауаттылықтың ең маңызды компоненттерінің бірі болып табылады (Чернобельская, 2000). Химияны оқыту процесінен күтілетін нәтижелері мен білім беру мазмұнының базалық құндылықтарын қамтамасыз ететін ғылыми негіздеме және сапалы білім беру технологиялары болуын талап етеді (Beisekova және т.б., 2018).

«Виртуалды» термині латынның «virtus»-ақиқат деген сөзінен шыққан. «Виртуалды» — ақпаратты өңдеу жүйесіндегі процесті немесе құрылғыны сипаттайтын, шын мәнінде бар болып көрінетін анықтама, өйткені олардың барлық функциялары басқа құралдармен жүзеге асырылады (Системы обработки информации, 2010). Қазіргі уақытта «виртуалды» термині білім беру саласында кеңінен қолданысқа ие. Виртуалды білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланып субъектілер мен объектілердің әрекеттесу нәтижесінде өтетін процесс деп қарастыруға болады. Химияда оны виртуалды зертханалар арқылы қолданамыз.

2017–2018 оқу жылдарданынан бастап мектептерде жаңартылған мазмұнда білім беріле бастады. Химиядан виртуалды зертхананың көмегімен сабақ берілуде. Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне химиялық білімді дамыту үшін виртуалды зертхананы қолданудың маңызы зор (Bitham, 2019).

Соның дәлелі ретінде пайдаланудың *артықшылықтарына* келетін болсақ: денсаулыққа зиянды және оқу орнында жоқ реактивтер кезінде қосымша құрал ретінде пайдалану; тәжірбиені реактивтерді пайланбай бірнеше рет қайталауға болады; сабақ кезінде уақыт үнемдеуге; қауіпсіздік; зиянсыздық; білім алушылардың сабақ шеңберін шектемей, өздеріне ыңғайлы уақытта қалаған тақырыптарындағы зертханаларын орындай алуы; сабақты қайталап көруге мүмкіндігі; қашықтықтан оқу жағдайында тиімді болуы.

Кемшіліктері: білім алушылардың аспаптармен, жабдықтармен тікелей байланыстың болмауы; кейбір реактивтің иісі арқылы анықтауға болатын тәжірибелерді қолдануға ыңғайсыздығы (Каримов, 2006).

Оқытушылардың оқушылармен және олардың ата-аналарымен белгілі бір эмоционалды қарым-қатынасын қамтиды. Келтірілген қарама-қайшылықты әдістемелік шешудің перспективалық жолдарын қамтуды жалғастыра отырып, оны мектеп, ЖОО курсына химиядан тапсырмаларды және экологиялық, гуманистік бағыттағы химиялық экспериментті қолдану кезінде ішінара алып тастауға болатынын атап өтсек болады. Виртуалды зертхана оқу материалы мазмұнының оқу іс-әрекетінің белгілі бір түріне бағдарлайтын көрініс құралы ғана емес, білім алушы өзі зертхананы жасай алатын инновациялық технология.

Химия пәнін оқытуда виртуалды зертхананы қолданудың әдістерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: *біріншісі* - жаңа материалды оқу кезінде; *екіншісі* — білімдерін бекіту кезінде; *үшіншісі* — практикалық дағдыларды дамыту кезінде немесе өзіндік тапсырмалар орындауда (Колумбаева және т.б., 2020).

Біз бұрын қолданып жүрген кинопроекторлар, кестелер немесе т.б. нәрселердің орнына компьютерді пайдалана аламыз. Виртуалды зертхананың көмегімен сабақтарда нақты тәжірибелерді жасауға болады. Әрине, арнайы құрал-жабдықпен, реактивтермен өз қолдарымен жасаған дұрыс, бірақ мектептер мен оқу орындарда химия пәнінен тәжірибе жасаудың өз қиындықтары бар. Осы кезде компьютерлер, ноутбуктар, телефондар, басқа да ақпараттық құралдар көмекке келеді. Ондағы виртуалды бағдарламалар арқылы сабақты өткіземіз. Виртуалды зертхананы пайдалануда оқытушылардың алдында күрделі міндеттер қояды:

- Виртуалды зертханалық жұмыстардың көпшілігі нақты жұмыстағыдай емес дағдыларды дамытуға бағытталған, оқытушы айырмашылықты бағалауға және оны басқа жолдармен өту қажет;
- Оқытушыларға бағдарламалармен және сол бағдарламамен жұмыс істеу ережелерін зерттеу үшін көп уақыт қажет;
- қушылар осы бағдарламалармен жұмыс жасау үшін егжей-тегжейлі тексерілген және сабақ тақырыптары бойынша бөлінген тапсырма жасаулары қажет.

Жалпы жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, виртуалды зертхана нақты жабдықсыз, онымен тікелей қатыссыз немесе байланыссыз зертханалық және практикалық сабақтарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, сабақта зертханаларды алмастыратын бағдарламалық ақпараттық технологиялық кешен. Білім алушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен интернетті пайдалана отырып, өз бетінше және орналасқан жеріне қарамастан тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді (Roman, 2013).

Ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезінде қол жетімді автоматтандырылған виртуалды зертханалар қолдану мәселесі кеңінен қолға алынған. Оның ішінде химия сабағында цифрлық технология ресурстарын пайдалану пәннің мәнді де, қызықты өтуіне қолайлы әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Виртуалды зертхана тақырыбында 2015 жылы Гавронская Ю.Ю. (Гавронская, 2015), 2019 жылы Симонова Е.С. (Симонова, Кубанских, 2019) және 2022 жылы Исалиева С.Т., Абаева Г.А., Жанкушков Б.О., Рашидинов Д.Р. (Исалиева және т.б., 2022). өз мақалаларында қарастырған, осыған қарап тақыптың өзектілігіне көз жеткізсек болады.

Енді мына «Виртуалды зертхана не үшін қажет?» — деген сұраққа жауап берсек:

- шынайы зертханалық жұмысқа дайындық жасауда;
- қашықтықтан (онлайн) оқытуда;
- сабақта берілетін теориялық материалды өз беттерімен зерделеуде;
- зертхана сабағында тәжірибенінің нақты нәтижесін алуда.

Қарастырылып өткен қажеттіліктердің көмегімен келер ұрпақтың білімін артырамыз.

Білім алушыларға білім беру үшін шығып жатқан бағарламалар, жаңартылған білім бойынша бағалау, оқу бағдарламалары ауысқан кезде оқытушыларды «Өрлеу» курсына, басқа да кәсіби білім беретін тренингтер мен курстарға онлайн немесе офлайн форматта болсын білімдерін дамытып отырады. Осы виртуалды зертхана бойынша білім беру, жаңартылған бағдарламаға көшуіміздің бәрі ғарыштап дамып жатқан ғалым мен техникалардың арқасында. Осыдан он, он бес жылдар бұрын ақпараттарға қол жеткізу жеткіліксіз еді. Білімді кітаптар мен оқытушылардан алатынбыз. Қазіргі уақытта керекті ақпараттарға қол жеткізуге болады. Тіпті әлемнің қай жерінде қандай оқиға болып жатқанын біле аламыз. Ана тілімізде болмаса да басқа тілде ақпараттар тауып, керек дегенімізді біліп отырамыз. Міне осындай, тез техниканы және ақпараттарды қабылдайтын жас ұрпақ, дәстүрлі білімге қанағаттанбайды. Сондықтан жаңартылған ақпарат құралдарын пайдаланып білім беруіміз керек.

Виртуалды зертхананы дамытудың ғылыми негіздерінің қажеттілігіне сүйене отырып, химия пәні бойынша виртуалды зертхананы құру принциптері тұжырымдалған.

- Интерактивтілік принципі, ол білім алушы мен виртуалды зертхана арасында өзара әрекеттесуді ұйымдастырудан тұрады, онда компьютер немесе басқа да ақпараттық құрал интеллектуалды көмекші болуы керек. Химия пәнінен виртуалды зертхана арқылы студенттер немесе оқушыларға зертхананы қолмен жасауға болатын денсаулыққа зияны бар ма, жоқ па екенін анықтауға бағыт-бағдар беруі керек.

- Химиялық модельдер принципі — зертхананы жасауда компьютерлік бағдарламаларды белсенді қолдану қажеттілігінде жатыр. Зертхананы жасауды химиялық модельді құрастырудан бастау керек, содан кейін зертхананы химиялық тілде жазба түрінде құрастыру қажет. Модельдің әрбір кезеңінде виртуалды зертхана бойынша білім алушылармен іс әрекетін талдап, тиісті ұсыныстар беру керек.

- Логикалық қорытындыны беру принципі - мұнда алгоритмді ұйымдастыру болып табылады. Оны орындауға қолда бар бастапқы деректер негізінде және химиялық зертханаларға сәйкес жаңа ақпаратты алуы керек. Зертхананы жасар алдында тақырыпқа қатысты ақпаратты білеміз, осы зертхананың жасалу жолын оқып, содан кейін виртуалды зертхананы көреміз және сол арқылы қорытындыны жасаймыз. Осы арқылы біз сабақты толық түсініп, қолмен жасап көруге дайын боламыз.

- Пәндік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерінің виртуалды зертхана мүмкіндіктеріне сәйкес принципі виртуалды зертхананы пайдалану пәндік құзыреттіліктің барлық компоненттеріне сәйкес виртуалды зертхананың құрамы қалыптасты.

Қазіргі уақытта химиядан даярланған виртуалды зертханалар көп кездеседі. Сонын бірі;

Model ChemLab — қосылысын пайдаланып, онлайн форматта зертханалық тәжірибе жасауға мүмкіндік алынады. Бағдарлама нақты химиялық зертханамен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін әртүрлі құрылғылар мен параметрлердің үлкен жиынтығын қамтитын сезімтал интерфейсін бар толық виртуалды зертхана.

ChemLab моделі — зертханалық сабаққа қатыса алмаған барлық студентері үшін өте ыңғайлы қосымша, өйткені бұл оларға виртуалды зертхана құруға және ақпаратты сақтауға мүмкіндік береді. Моделде мынандай тәжірибелер жасай аласыздар: меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, газды сығу, фракциялық кристалдану, қышқылдық-негіздік титрлеу.

VertuLab — орыс тіліндегі, әртүрлі пәндер бойынша виртуалды тәжірибелердің ең үлкен жиынтығы. Қазіргі уақытта көптеген оқу орындары пайдаланады, өйткені эксперименттерді жүргізу қиын және адам өміріне қауіпті болған жағдайлар болған да. Бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларға арналған интерактивті сабақтар кез – келген табиғат құбылыстарын, тіпті ең күрделі құбылыстарды қарапайым және түсінікті айтып, көрсетуге мүмкіндік береді. Осы бағдарламаны компьютермен ғана емес телефон қондырғысымен де қолдануға болады. Тест тапсырмалары мен сабақтарды оқу барысын тиімді пайдалану мектептегі білім бер сапасын арттырады, оқытушылардың уақыттын үнемдеуге мүмкіндік береді.

PhET — Колорадо университетінде Карл Виманның бастауымен жаратылыстану ғылымдарында білім беру сапасын арттыру мақсатында құрылған жобасы болатын. Биологиялық құбылыстар мен процестер интерактивті модельдеу режимінде зерттелінеді.

Білім алушылар бұл модельдеуді ғылыми және математикалық тұжырымдамаларды түсіну үшін дизайнның әртүрлі аспектілерін қолданып басқара алады. Имитацияға байланысты білім алушылар өздері қорытынды жасау үшін мәліметтерді жинап, графикке түсіре және талдай алады. Жобада биология, химия, математика, физика және т.б. пәндерден ақысыз, бірақ интернетке қосулы құрылғыларды қолданып жұмыс жасалынады. Қазіргі уақытқа дейін 130-дан астам ғылыми зерттеу модельдерін жасап шығарды. Олар бір немесе бірнеше тапсырмаларды, сондай-ақ оларды шешуге қажетті барлық элементтердің жиынтығын қамтиды.

Classin.com бағдарламасы арқылы виртуалды зертханалық жұмыстарды жасау айтарлықтай жеңіл. Виртуалды зертханада 182 жабдықталған зертханалық жұмыстар бар. Осы classin.com зертханасында заттардың кристалдық торларын 3D форматта көруге мүмкіндік береді. Тәжірибе жасауда дыбыстың шығуы, түстің өзгеруі, жалынның жануы, судың қайнауы деген сияқты эффектілерілердің болуы, сонымен қатар тәжірибе қате жасалса, ыдыстың сынып кетуі өте керемет әсер тудырып, оқушылардың қызығушылығын оятады.

Wolfram Demonstrations Project — онлайн зертханалардың өте құнды көзі, көп салалы ресурс болып табылады. Бұл бағдарламаның мақсаты — заманауи ғылым мен техниканың тұжырымдамаларын көрнекі түрде көрсету. Wolfram Demonstrations Project онлайн интерактивті зертханалардың бірыңғай каталогын жасауға мүмкіндік беретін біртұтас платформа.

Платформаны әзірлеушілердің пікірінше, пайдаланушыларға гетерогенді оқу ресурстары мен даму платформаларын пайдаланумен байланысты проблемаларды болжауға мүмкіндік береді. Бағдарлама үлкен Wolfram интернет жобасының бөлігі болып табылады. Wolfram Demonstrations Project қазігі кезде 7000-нан астам интерактивті демонстрациялардан тұратын әсерлі каталогқа ие. Бағдарлама каталогы білімнің әртүрлі салаларына және адам әрекетіне қатысты 11 негізгі бөлімнен тұрады. Мұнда үлкен физикалық, химиялық, математикалық бөлімдерден тұрады. Сонымен бірге технология мен техникаға арналған бөлімдері бар. Биология ғылымдары да жақсы ұсынылған. Бағдарламада ұсынылған пәндер бойынша зертханалар жоғарғы оқу орындарында білім беруге бағытталған өте күрделі демонстрациялар және көптеген зертханалар соңғы ғылыми жетістіктерді көрсетуге арналған.

Жоғарыда аталып өткен бағдарламалар тегін қолданысқа берілген химия пәнінен виртуалды зертханалар, оған тек компьютерімен жұмыс жасай білу жеткізілті. Мектеп оқушыларына даярланған Дорафа баспасы шығарған дискілер сериясы да бар. Сипатталған виртуалды зертханалада өндірістік процестерді имитациялайтын компьютерлік бағдарламалардың көмегімен шешуге болатын айтылған. Осы имитациялау үшін виртуалды зертханаларды пайдалану материалды есте сақтаудың тоқсан процентіне дейін қамтамасыз ете алады.

ЖОО-да қолдануға арналған химиядан виртуалды зертханаларды талдау арқылы, виртуалды оқыту ортасының мүмкіндіктерін қарастырып виртуалды зертхана құру мүмкін және мақсатқа сай екенін көрсетеді (Дырдин және т.б., 2012). Химияны жоғары оқу орындарда оқытуда біраз зерттеулер бар, виртуалды зертхана негізінде вебинарлармен, әртүрлі онлайн курстармен және т.б. тұжырымдалады (Дорофеев, 2002.). Мақала авторларының барлық бағдарламалары қарастырылып, сол бойынша заман талабына сай сабақ беріп, тұлғаны дамытып, баланың қабілетін шектемеу қажет.

Зерттеу нәтижесі және талқылау

Виртуалды зертханаларды құру бір жағынан — нақты зертханаға қолданылатын құрал-жабдықтармен және материалдармен тәжірибелер жүргізуге, екінші жағынан — кәсіби қызметтегі практикалық дағдылар қалыптастыруға және білім беруге арналған компьютерлік модельмен танысуға мүмкіндік береді. Ал білім алушыларға химия пәнінен немесе басқа пәннен тапсырмалар кешенін, зертхананы орындаудағы орындалу процесімен танысып, мәселені шешу құралдарын ұсынылған. Осылайша, білім алушыларға да, оқытушыға да білімдерін шыңдауға қажетті құрал.

Дидактикалық тұрғыдан виртуалды зертханалық жұмыс оқытудың әдісі, формасы және құралы ретінде қарастырылады, оны орындау барысында студенттер оқытушының жетекшілігімен және алдын — ала белгіленген жоспар бойынша белгілі бір практикалық тапсырмаларды және тәжірибелерді орындайды. Нақты объектілердің сыртқы түрі мен функцияларын қайталайтын заттар мен жабдықтардың құрамдас бөліктерінің кескіндерімен жұмыс істеу.

Жалпы виртуалды зертханалық жұмыстар нақты дидактикалық мақсаттарға жетуге қызмет етеді, зерттеушілік сипатта болады, қызығушылықты оятады, қазіргі заманғы реагенттерімен, аспаптармен және жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, титрлеу арқылы концентрацияны анықтау кезінде, мүмкін болатын қателерді болжап, реагенттермен жұмыс істеу әдістерін біліп алып жүргізсек эксперимент нақты шығады. Осы виртуалды зертханалардың оқу тәжірибесінің артықшылықтарына қарамастан, олардың саны мен химия пәнінен ЖОО-да бөліп оқытатын (аналитикалық химия, физикалық химия, бейорганикалық химия, органикалық химия) арнайы химиялық пәндерден жасалған бағарламалар аз, аранайы бөліп оқытатын жеке аналитикалық химияға немесе жеке физикалық химияға жасалған зертханалық жұмыстар жоқ. Химиядан жасалған виртуалды зертханалардың көбі 7–11 сыныптар (мектеп оқушылары) үшін жасалған.

Айтылып отырған салыстырулар мен проблемаларды ескере отырып шағын зерттеу жұмысы жүргізілді. Химия пәнін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарының, деңгейлік тапсырмаларының онлайн форматта дайын болу қаншалықты өзекті екендігін анықтау үшін еліміз бойынша жоғары оқу орындарында сабақ беретін оқытушылардан сауалнама және сұхбат алынды. Сауалнаманың шынайы және нақты жауап алу мақсатында оқытушылардың құпиялығы сақталатыны ескертіліп, «Google from» пайдаланып жүргізілді (кесте 1).

Сауалнамаға қатысқан оқытушыларды жас ерекшелігіне қарай топтастырсақ.

Кесте 1. Жас ерекшеліктер бойынша қатысқан оқытушылар үлесі

20–29 жас	30–39 жас	40–49 жас	50–жастан жоғары
4 оқытушы	22 оқытушы	7 оқытушы	9 оқытуша




Диаграмма 1. Жас ерекшеліктер бойынша қатысқан оқытушылар үлесі

1-ші кесте мен 1-ші диаграммдан көріп тұрғандай сауалнамаға қатысқан оқытушылар — 42, соның ішінде 33 — әйел, 9 — ер адам. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың: 52 % -ы 30–39 жас аралығындағы оқытушылар, 21 %-ы 50 жастан жоғары жастағы оқытушылар, 17 %-ы 40–49 жас аралығындағы оқытушылар және 10 %-ы 20–29 жас аралығындағы оқытушылар. Сауалнама сұрағы және сауалнама нәтижесі 2- кестеде көрсетілген (кесте 2).


Кесте 2. Сауалнама сұрағы және сауалнама нәтижесі

№	Сауалнама сұрағы	Иә	Жоқ	Қолдаймын, себебі	Қолдамаймын, себебі	Жауап беруге киналамын
1	Жаңаша білім беру сізге ұнай ма?	39	2			1
2	Химия пәнін оқытуда виртуалды зертхананы қолданасыздар ма?	38	3			1
3	Сабак бойынша жасалатын виртуалды зертхананың болуы студенттерге пайдалы деп санайсыздар ма?	40	1			1
4	Ұстаз-жаңалықтың жаршысы дегенді қолдайсыз ба?	39		2	1	
5	Сабак барысында студенттеріңіздің зертханаға дайындығына көңіліңіз толады ма?	37	2			3
